



Денсаулық сақтауға
арналған ҚР бюджет
жүйесі

Әр мемлекеттің денсаулық сақтау секторы экономика құрылымының үлкен материалдық, қаржы және адами ресурстарын тұтынады. Мемлекеттің денсаулық сақтауға бөлген үлкен шығындары – бұл елдің бюджеттік шығын бөлігі емес, бұл алдымен экономикалық қайтарым әкелетін инвестициялар екенін түсінуіміз қажет.

Республикалық бюджеттің денсаулық сақтауға арналған құралдарды жұмсау Бюджеттік кодексте келесі бағыттар бойынша анықталған:

- жоғары мамандандырылған медициналық жәрдем көрсету;
- республикалық деңгей бойынша табиғи және техногендік төтенше жағдайларды жою маңында жедел медициналық жәрдем қызметін ұйымдастыру;
- психиатриялық аурулары бар және қатаң байқау талап ететін адамдарға медициналық жәрдем көрсету;
- сотты-медициналық және сотты-психиатриялық сарап жүргізу;
- ауруларды шетелдерде емдеуді ұйымдастыру;
- айрықша қауіпті індеттерге қарсы іс-әрекет;
- республикалық денсаулық сақтау ұйымдары үшін қан, оның құрамдас бөліктері мен препараттарын өндіру;
- әскери қызметкерлер мен құқық қорғау органдарының қызметкерлерін , олардың жанұя мүшелерін, сондай-ақ әскери қызметкерлер , құқық қорғау органдары мен басқа да категория азаматтар құрамынан шыққын зейнеткер-лерге заңнамалық актілерге сәйкес медициналық қызмет көрсету;
- жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын шығындар-дан басқа азаматтар денсаулық сақтау саласындағы іс-әрекет.

Мемлекеттік денсаулық сақтауды қаржыландыру көздері ретінде келесілер табылады:

республикал
ық және
жергілікті
бюджеттер
құралдары

халықаралық
ұйымдар
құралдары

азаматтарды
ң өздік-
құралдары

қайырымдылы
қ жарналар

Денсаулық сақтауға арналған шығындардың жалпы көлемінің ішінде ең үлкен үлес салмақты емдік-профилактикалық мекемелерді ұстауға арналған шығындар алады. Мұндай шығындарға келесілер жатады:

- барлық ауруханалық мекемелер түрлері;
- амбулаториялы-емханалық мекемелер;
- ана мен баланы қорғау мекемелері;
- диспансерлер;
- айрықша типтегі денсаулық сақтау мекемелері;
- шипажайлық мекемелер.

Республикалық бюджет шығындар құрамына 05
“Денсаулық сақтау” атты функционалдық топ және
оның ішіндегі 01 “Кең профилді ауруханалар”, 02
“Халық денсаулығын сақтау”, 03
“Мамандандырылған медициналық жәрдем”, 09
“Денсаулық сақтау аумағындағы басқа да
қызметтер” атты кіші функциялар кіреді.

Формала
р



04-111

02-131

02-132

03-132

01-139

01-141

01-144

01-145

01-146



Денсаулық сақтау саласын қаржыландыруға бюджет жобасында уәкілетті министрліктің шығыстары шеңберінде **3 189,9 млрд. теңге** көзделеді. Оның ішінде 2017 жылы шығыстар ағымдағы жылмен салыстырғанда **226,2 млрд. теңгеге** немесе **28,7%** ұлғайып **1 013,4 млрд. теңгені** құрайды.

2017 жылы денсаулық сақтау жүйесін дамыту жөніндегі шараларды жалғастыруға мынадай:

- жоғары және орта білімнен кейінгі білімі бар 28,4 мың медициналық кадрды даярлауға және 13,8 медициналық кадрдың біліктілігін арттыруға **30,7 млрд. теңге;**

- Ақтөбе, Алматы, Павлодар қалаларында және Қызылорда облысының Қазалы ауданында 5 денсаулық сақтау объектісін салуға және Алматы қаласындағы 7 денсаулық сақтау объектісін сейсмологиялық күшейтуге және оларды күрделі жөндеуге **12,5 млрд. теңге;**

- денсаулық сақтау ұйымдарында ақпараттық жүйелерді дамыту жөніндегі іс-шараларды аяқтауға **19,8 млрд. теңге;**

- медициналық жабдықтарды сатып алу жолымен денсаулық сақтау ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға **15,7 млрд. теңге** жұмсалады.

Астананың медициналық мекемелері ЭКСПО көрмесіне қатысушыларға медициналық көмек көрсетуге дайын.

Қалалық стационарларда мамандандырылған, білікті медициналық көмек көрсету үшін қосымша 390 қосымша орындар жасалды. Көрменің өткізілу уақытында қалалық медициналық жедел жәрдем бекетінде 105 санитарлық автокөлігі, 10 көлік медициналық қызмет көрсететін болады. Әр жедел көмек беру бригадасында ағылшын тілін жетік білетін мамандар қызмет етеді.

Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі 2016-2020 жылдарға арналған денсаулық сақтау саласын дамытудың мемлекеттік бағдарламасы

- Бірінші бағыты - тәжірибелік базаны нығайту, медициналық-санитариялық алғашқы көмек жүйесінде жұмысқа ынталандыруды күшейту, өңірлер, амбулаториялық-емханалық және стационарлық қызметтер арасында мамандар бөлудегі теңсіздікті жою қамтылады.
- Екінші бағыты - сырқаттанушылықты басқару жүйесін енгізу, аурудың алдын алу, ерте анықтау және емдеуді қарастыратын медициналық көмек көрсетудің бірегей жүйесіне негізделген.
- Үшінші бағыты - денсаулық сақтаудың кадрлық әлеуетін дамыту. Министрліктің мәліметінше, осыған орай Қазақстанда 2009 жылдан енгізілген Ұлттық біліктілік жүйесіне сәйкес келетін даярлау, қайта даярлау және кадрлардың біліктілігін арттыру жүйесін жаңғырту керек.
- Төртінші бағыты - қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету. Қазақстанда 2017 жылдан әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі кезең-кезеңмен енгізіледі. Бұл саладағы денсаулық сақтау саласын мемлекет, жұмыс берушілер, азаматтар және басқа да көздерден қаржыландырудың көп арналы қағидатын

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!